

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ мүшелері
жалпы жиналысының шешімімен

(1998 жылдың 13 шілдесіндегі
№ 11 хаттама)

Б е к і т і л д і

1998 жылдың 15 шілдесінен бастап

Қолданысқа енгізілді

Қазақстан қор биржасы мүшелері этикасының КОДЕКСІ

Алматы қ.

1998

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесі шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы №1 (з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздер "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы "Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.
2. **№ 1 өзгертулер:**
 - 2004 жылдың 25 мамырында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен келісілді;
 - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2004 жылдың 09 сәуіріндегі № 8 хаттама);
 - 2004 жылдың 26 мамырынан қолданысқа енгізілді.
3. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2005 жылдың 14 сәуіріндегі № 7 хаттама) "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ көрсетілген биржаның барлық ішкі құжаттарында "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" Жабық акционерлік қоғамы" (кез келген септікте) немесе "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" жабық акционерлік қоғамы" (кез келген септікте) немесе "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" ЖАҚ" таңбалары "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ" деп ауыстырылды.

Осы Кодекс және оған берілген қосымшалар Қазақстан қор биржасының (бұдан әрі - Биржа) барлық мүшелері үшін орындауға міндетті болып табылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.

I бөлім. ЖАЛПЫ ШАРТТАР

1. Биржа сауда-саттықтарында операцияларды жүзеге асыру кезінде Биржа мүшелері Биржаның басқа мүшелеріне, өз клиенттеріне және Биржаға қатысты қарым-қатынаста адал бәсекелестік принципінде жұмыс істеуге және Биржадағы қызметінде әділдік пен адалдық принциптерін бұзбауға міндетті.
2. Осы құжатта белгіленген нормаларды сақтайтын Биржаның әрбір мүшесі Биржаның басқа мүшелерінен осы нормалардың сақталуын күтуге және талап ету құқылы.
3. Биржа мүшелерінің Биржадағы жұмысының жеке принциптері осы Кодекске міндетті қосымша түрінде рәсімделген және Биржа мүшелері оларды орындауға міндетті *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.

II бөлім. ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ӘРЕКЕТТЕР

Биржа мүшелеріне тыйым салынады:

1. Биржаның басқа мүшелерінің нарықтық әрекеттерін өзгерту мақсатында оларға тікелей немесе жанама түрде қысым жасауға;
2. Жалған мәмілелер жасауға, жалған мәмілелер дегеніміз:
 - сауда-саттықтың бағалық көрсеткіштерін арттыру (төмендету) мақсатын көздеген және қарсылама бағытты ұстанған, екі және одан да көп Биржа мүшесі арасындағы шамамен бірдей сомаға және шамамен тең бағаға алдын ала жасалған келісім бойынша жасалған, әдетте орындалуы қарастырылмайтын, мәмілелер;
 - сауда-саттықтың бағалық көрсеткіштерін арттыру (төмендету) мақсатын көздеген екі және одан да көп Биржа мүшелері арасындағы нарықтық конъюктурадан айқын ауытқитын бағаға алдын ала жасалған келісім бойынша жасалған мәмілелер;
 - жасалған мәмілелер қорытындысы бойынша ақша және бағалы қағаздар бастапқы иесінде қалғанымен, бағалы қағаздар өтімділік әсерін жасаған мәмілелер сериясы.

Мәмілені жалған санатқа жатқызу оны жасаудың мақсатымен анықталады.

3. Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Биржаның басқа мүшесімен жарияланған баға белгілеуі бойынша мәміле жасасудан бас тартуға.
4. Сауда жүйесінде тіркелген мәміле бойынша есептесулерді жүргізуден баст тартуға.
5. Биржа өткізетін сауда-саттықта қалыптасатын нарықтық жағдайға қысым жасау мақсатында алдын ала жалған ақпаратты таратуға.
6. Биржаға немесе оның мүшелеріне дерексіз және бұрмаланған ақпаратты ұсынуға.
7. Нарық конъюктурасының қалыптасуына маңызды әсер етуі мүмкін ақпаратты Биржаға ұсынбауға.
8. Биржа мүшесінің қызметкерлері Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес құпиялылық санатына жатқызылған немесе Биржа мүшелеріне жеткізу кезінде құпия болып жарияланған ақпаратты үшінші жақтарға таратудан және/немесе жеткізуден тартынуы тиіс.
9. Биржа мүшесінің қызметкерлері өздері ұсынған Биржа мүшесіне қатысы жоқ, алайда Биржаның басқа мүшелерінің қызметтік немесе коммерциялық құпиясы болып табылатын ақпаратты алудан тартынуы тиіс.

Мұндай ақпарат қандай да бір тәсілмен Биржа мүшесіне қол жетімді болған жағдайда, ол ақпаратты үшінші жақтарға таратудың және/немесе жеткізуден тартынуы керек.

III бөлім. КЛИЕНТТЕР ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

1. Клиенттің бағалы қағаздарымен жасалатын операцияларға қызмет көрсетуге қатысты келісім-шартты жасасу алдында Биржа мүшесі клиентке: қор нарығындағы операцияларға байланысты мүмкін болатын тәуекелдер, Биржа мүшесі көрсететін қызметтер тізімін, Биржа мүшесі өндіріп алатын комиссиялық мөлшерлемелер және басқа да ақпараттар туралы қысқаша ақпарат беруі тиіс.
2. Биржа мүшесі клиенттерімен қарым-қатынаста екіжақты келісім-шартта белгіленген уәкілеттілік шеңберінде қатаң әрекет етуі тиіс.
3. Клиент атынан бағалы қағаздармен жасалатын сатып алу-сату мәмілелерін жүзеге асырудың алдында Биржа мүшесі нарықта қалыптасып жатқан жағдай туралы клиентке объективті түрде хабардар етуі керек.
4. Мәмілелерді жүзеге асыру кезінде Биржа мүшесі клиенттер тапсырмаларының берілу тәртібіне қарай оларды орындауы тиіс, бұл ретте өзінің есебіндегі тапсырмаларды соңғы кезек орындауға міндетті.
5. Өз клиенттерімен қарым-қатынаста Биржа мүшесінің:
 - 5.1. комиссиялық немесе басқа да табысқа жету мақсатында клиент шоты бойынша артық операцияларды жүзеге асыруға;
 - 5.2. бір клиенттің мүддесіне басқа клиенттің пайдасы үшін қысым жасауға;
 - 5.3. қандай да бір қаржы құралына инвестиция салуға байланысты туындаған шығындарға кепілдік беруге қақы жоқ.
6. Биржа мүшесі және оның қызметкерлері, Қазақстан Республикасы заңнамасында және Биржа мен "Орталық бағалы қағаздар депозитарий" АҚ ішкі құжаттарында анықталған, нарықтағы тәртіп талаптарын орындаулары тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі және 2005 жылдың 14 сәуіріндегі шешімдерімен өзгертілген)*.

IV бөлім. ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Осы Кодексті және оның міндетті қосымша міндеттерін бұзғаны үшін Биржа мүшесі Биржа алдында жауап береді; үшінші жақпен қарым-қатынастағы дауларды Биржа мүшесі регрессионды тәртіпте шешеді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*
2. Биржа мүшесінің әрекеті бойынша осы Кодексті бұзудың анықталған жағдайлары Биржа мүшесіне тәртіптік және айыппұл салу шараларын қолдану үшін Арбитражды комиссия отырысында қарастырылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.
3. Осы Кодексті бірнеше мәрте бұзған жағдайда Биржалық кеңес бұзушының Биржа мүшелігін уақытша тоқтату немесе шығарып тастау туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Қазақстан қор биржасы
мүшелері этикасының
кодексіне

1 қосымша

**Беймемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар мәмілелерін
жасау нысаны бойынша**

Е Р Е Ж Е Л Е Р

I бөлім. БИРЖА МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Биржаның Ресми тізіміне енгізілген немесе "Бейлистингілік бағалы қағаздар" секторына жіберілген, екі жақ контрагенттері Биржа мүшелері болатын, бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді Биржа мүшелері Биржаның Сауда жүйесінде жүзеге асырулары тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.

II бөлім. ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. I бөлімдегі әрекет шарттарын бұзған жағдайда, мәміленің әрбір жағынан жиырма айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл өндіріліп алынады; I бөлімдегі әрекет шарттарын бұзған Биржа мүшесі – сатып алушы мәмілені жасау кезінде Биржа өндіріп алатын комиссиялық жарнаны қосымша төлеуі тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. I бөлімдегі әрекет шарттарын бұзудың анықталған жағдайлары Биржалық кеңес қарауына жіберіледі *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.
3. Бұзушылық жағдайына қатысты Биржалық кеңестің шешімі шыққанға дейін, Биржа Басқармасының шешімімен Биржа мүшесі бағалы қағаздар сауда-саттығына қатысудан шеттетілуі мүмкін.
4. Биржа мүшесі осы Кодексті үш және одан да көп мәрте бұзса, Биржалық кеңес оны Биржа мүшелігінен шығарып тастау туралы шешім қабылдауы мүмкін.